How many words does a learner need to know? A further major difference between first and second language vocabulary learning is in the potential size of the lexicon in each case. An educated native speaker will probably have a vocabulary of around 20,000

words (or, more accurately, 20,000 word families). This is the result of adding about a thousand words a year to the 5,000 he or she had acquired by the age of five. An English dictionary includes many more: the *Longman Dictionary of Contemporary English*, for example, boasts over 80,000 words and phrases', while the *Oxford English Dictionary* contains half a million entries. Most adult second language learners, however, will be lucky to have acquired 5,000 word families even after several years of study.

This relatively slow progress has less to do with aptitude than with exposure. The average classroom L2 learner will experience nothing like the quantity nor the quality of exposure that the L1 infant receives. It has been calculated that a classroom learner would need more than eighteen years of classroom exposure to supply the same amount of vocabulary input that occurs in just one year in natural setting. Moreover, the input that infants receive is tailored to their immediate needs – it is interactive, and it is often highly repetitive and patterned – all qualities that provide optimal conditions for learning. By comparison, the average L2 learner's input is, to say the least, impoverished. Given these constraints, how many words does the learner need to know?

The answer must depend to a large extent on the learner's needs. A holiday trip to an English-speaking country would obviously make different vocabulary demands than a year's study in a British university. But is there such a thing as a threshold level – a core vocabulary that will serve in most situations? One figure that is often quoted is 2,000. This is around the number of words that most native speakers use in their daily conversation. About 2,000 words, too, is the size of the defining vocabulary used in dictionaries for language learners. These are the words and suffixes that are used in the dictionary's definitions. Moreover, a passive knowledge of the 2,000 most frequent words in English would provide a reader with familiarity with nearly nine out every ten words in most written texts. In other words, fourteen out of 140 running words, or exactly ten per cent of the text, would be unfamiliar to the learner who had learned the top 2,000.

In fact, it has been calculated that the most frequent 100 words in English make up almost fifty per cent of most texts. Of course, the majority of these 100 high frequency words are grammar – or function – words, such as *has, to, did, she, were, etc.*, and not content words like *answer, depend, large, extent, learner, needs, etc.* On their own, function words have very restricted usefulness: try having a conversation with the ten most frequent words in written English: *the, to, of, a, and, in, I, was, for, that!*

There is a strong argument, then, for equipping learners with a core vocabulary of 2,000 high frequency words as soon as possible. The researcher Paul Meara estimated that at the rate of 50 words a week (not unreasonable, especially if the emphasis is taken off grammar teaching) this target could be reached in 40 weeks, or one academic year, more or less. Of course, this is the minimum or threshold level. Most researchers nowadays recommend a basic vocabulary of at least 3,000 word families, while for more specialized needs, a working vocabulary of over 5,000 word families is probably desirable [3; p.169].

On the other hand, students preparing for academic study might be better off working from a specialized academic word list. A recently published academic word list consists of just 570 word families, covering a variety of disciplines – arts, commerce, law and science – and includes such items as *analyze, concept, data* and *research*. These 570 word families account for one in every ten words in academic texts. Knowledge of this academic list (on top of the 2,000 most frequent words in English) would have thus reduced the unfamiliar words in that paragraph to a mere ten.

A preoccupation with vocabulary size, however, overlooks the importance of vocabulary depth. Vocabulary knowledge is not an all-or-nothing phenomenon, that is, a case of either knowing a word or not knowing it. Consider, for example, these different degrees of ‘knowing’ in knowledge of Spanish learner, using words taken randomly from the *Q* section of the dictionary:

| | |
|----------------------------------|--|
| queso (cheese) | can understand and produce it (both in speaking and writing) without effort |
| querer (want) | can understand it and produce it, though need to think about past irregular forms |
| quedar (stay) | can understand it and produce it, but only in its main non-idiomatic senses |
| quirofano (operating theatre) | can understand it in context only, and can produce it if prompted (e.g. with first letter) but not confident about correct word stress |
| quiebra (bankruptcy) | can understand it in context only, and can’t produce it even if prompted |
| quicio (hinge) | probably wouldn’t understand it even in context, and certainly can’t produce it |

This suggests that, at the very least, estimates of vocabulary size must take into account productive and receptive knowledge. Then there is knowledge of spelling and pronunciation, of derivative forms and of different shades of meaning. Finally, there is the degree of control over word knowledge: is the word readily accessible, or does it require prompting? (Think of how you answer crossword clues: some words come only when several letters have been filled in; others require no prompting at all.) Again, these different aspects of ‘knowing’ suggest that the task of acquiring a functional lexicon is more complicated than simply memorizing words from lists.

In the end, however, exactly which words a learner needs to know is a very personal matter. It is not easy either to predict learners’ needs nor to ensure that the words that have been selected for teaching will be learned. Nor will there be time, especially in non-intensive language courses, for all the words that the learners need to be explicitly taught. A good part of vocabulary acquisition has to be incidental. Incidental learning is facilitated through exposure to language input, in the form of extensive reading, for example. Input from the teacher and from other learners is also an important resource for incidental learning. Most important of all, perhaps, is that the teacher encourages an enthusiasm for vocabulary acquisition, and provides learners with the strategies for self – directed learning.

Why do we forget words? Even with the best will in the world, students forget words. As a rule, forgetting is rapid at first, but gradually slows down. This is true in both the short term (e.g. from lesson to lesson) and in the long term (e.g. after a whole course). It has been estimated that up to 80 per cent of material is lost within 24 hours of initial learning, but that then the rate of forgetting levels out. And a study of learners’ retention of a foreign language over an extended period showed that – in the absence of opportunities to use the language – rapid forgetting occurred in the first three or four years after instruction, but then levelled out, with very little further loss, even up to 50 years later. Two factors seemed to determine retention. First, those words that were easy to learn were better retained. Secondly, those words that were learned over spaced

learning sessions were retained better than words that were learned in concentrated bursts – consistent with the principle of distributed practice [4; p.76].

Forgetting may be caused both by interference from subsequent learning and by insufficient recycling. With regard to interference, most teachers will be familiar with the symptoms of ‘overload’, when the price for learning new language items is the forgetting of old ones. This seems to be particularly acute if words are taught that are very similar to recently acquired words. The new words have the effect of ‘overwriting’ the previously learned material.

More important, perhaps, as a remedy against forgetting, is recycling. Research shows that spaced review of learned material can dramatically reduce the rate of forgetting. But it’s not enough simply to repeat words, or to re – encounter them in their original contexts. Much better is to recycle them in different ways, and, ideally, at successive levels of depth. Research suggests that if learners see or use a word in a way different from the way they first met it, then better learning is achieved.

To achieve the kind of outcomes, the learner needs not only to learn a lot of words, but to remember them. In fact, learning is remembering. Unlike the learning of grammar, which is essentially a rule – based system, vocabulary knowledge is largely a question of accumulating individual items. There are few short cuts in the form of generative rules: it is essentially a question of memory. How, then, does memory work? And what are the implications for teaching vocabulary? The great part in process of word memorizing plays cognitive depth. Cognitive depth: The more decisions the learner makes about a word, and the more cognitively demanding these decisions, the better the word is remembered. For example, a relatively superficial judgement might be simply to match it with a word that rhymes with it: e.g. *tango/mango*. A deeper level decision might be to decide on its part of speech (noun, adjective, verb, ect). Deeper still might be to use it to complete a sentence.

Imaging: Best of all were subjects who were given the task of silently visualizing a mental picture to go with a new word. Other tests have shown that easily visualized words are more memorable than words that don’t immediately evoke a picture. This suggests that – even for abstract words – it might help if learners associate them with some mental image. Interestingly, it doesn’t seem to matter if the image is highly imaginative or even very vivid, so long as it is self-generated, rather than acquired ‘second-hand’.

Motivation: Simply wanting to learn new words is no guarantee that words will be remembered. The only difference a strong motivation makes is that the learner is likely to spend more time on rehearsal and practice, which in the end will pay off in terms of memory. But even unmotivated learners remember words if they have been set tasks that require them to make decisions about them.

Attention/arousal: Contrary to popular belief, you can’t improve your vocabulary in your sleep, simply by listening to a tape. Some degree of conscious attention is required. A very high degree of attention (called arousal) seems to correlate with improved recall. Words that trigger a strong emotional response, for example, are more easily recalled than ones that don’t. This may account for the fact that many learners seem to have a knack of remembering swear words, even if they’ve heard them only a couple of times.

REFERENCES

- 1 Aitchison J. “Words in the mind: An introduction to the Mental Lexicon” - Blackwell, 1994. – 109 p.
- 2 Lewis M. “The Lexical Approach”- Language Teaching Publications, 1993.- 58 p.
- 3 Mc Carthy M. “ Vocabulary” – Oxford University Press, 1990. – 169 p.
- 4 Willins D. “The Lexical Syllabus” – Collins COBUILD, 1990. – 76 p.

ЖАҢА СӨЗДЕРДІ ҚАЛАЙ ЕСТЕ САҚТАП, ЖАТТАУҒА БОЛАДЫ

Ж. Ержанова

Алматы энергетика және байланыс университеті, Алматы қ

Мақалада жаңа сөздерді үйретудің әдістері мен жолдары қараластырылады. Шет тілін үйренушіге осы тілдің грамматикасын, сөздердің санын және жаңа сөздерді есте сақтаудың түрлі тәсілдерін білу маңыздылығы негізделеді.

Оқытушының атқаратын ролі - студенттің өзін-өзі оқыту стратегиясын қалыптастыруға көмектесу және жаңа сөздерді есте сақтау жолдарына бағыт беру. Шет тілі пәнінің оқытушысының алға қойған міндеті - үйренушінің есінде қажетті сөздер санын көбірек сақтау.

КАК ЛУЧШЕ ЗАПОМНИТЬ И ВЫУЧИТЬ НОВЫЕ СЛОВА

Ж. Ержанова

Алматинский университет энергетики и связи, г.Алматы

В статье рассматриваются методы и подходы к изучению новых слов. Обосновывается важность знания грамматики иностранного языка, количества слов, различных способов запоминания, которые, изучающие иностранный язык, должны знать и использовать в процессе обучения.

Роль преподавателя - вдохновить их на пути запоминания новых слов и помочь сформировать в них стратегию самообучения. Задачи, поставленные перед преподавателем иностранного языка, сохранить как можно дольше наиболее необходимое количество слов в памяти обучающегося.

Б.Т. Берлібаев

Алматы энергетика және байланыс университеті, Алматы қ.

ҚАЗАҚ ТАРИХЫНЫҢ ТАРИХЫЛЫҒЫ

Автордың көрсетуінше, қазақтың ауызша тарихы деп жүргеніміздің өзі қазақтың былтырғы тарихынан сыр береді. «Көне сөз», «Қария сөз», «Қара сөз» тіркестерінен нағыз тарихты көруге болады. Жазбаша хат тану пайда болғанға дейін қазақтың арғы бабалары тарихын зердесінде сақтап, оны жеті атасын білу сияқты намысты ұрандармен кейінгі ұрпаққа жеткізген.

Түйін сөздер: білу, терең білу, біліктілік, білім, білім беру, зерде.

Тарихшы ғалымдар мен бүкіл тарихи деректерді көмекке шақырғанда аңғаратын нәрсенің бірі, кеңес дәуіріне дейінгі қазақ халқының тарихында, «қазақ» этнонимі сияқты, тарихшы сөзінің иесінің анықталмағаны. Қазақтың ежелгі тарихынан белгі беретін ауызша тарих айту деректеріне үңілсек те, сақтардан бастау алатын ойма жазуды (Руникалық – Орхон-Енисей-Бітік түрік) қанша түрлендіріп оқысақ та, IX-XII ғасырларда қазақ өлкесінде ғұмыр кешкен ғұлама-ойшылдарды мың құбылтып сөйлетсек те, тарихшы сөзін таба алмай әлекке түсеміз. Бірақ, қазақ халқының бізге жеткен «көне сөздерінің» ішінде «Көре – көре – көсем, сөйлей – сөйлей – шешен боласың!» - деген ұлағатты мәтелдің төркініне үңілсек, сақ – үйсін дәуірінен бергі көсем де, шешен де, абыз да, би де, болжампаз да, жырау да, суырып салма ақындар да, тіпті күйші де қоғамдағы тарихшының рөлін атқарған. Себебі бұлар, көшпелі өмірдің қиыншылықтары әкелген қоғамдық құбылыстардың ерекшеліктерін көкейлеріне түйіп, көргендерін шер мен тер ғып тарқататын қазақ халқының өз өкілдері. Ал шердің тарқатылуы мен тердің шығуы белгілі бір оқиғаны баяндайтын шешеннің шындықты ақтаруымен ғана мүмкін болатын құбылыс. Тарихтан білетініміздей, Қазақстанда болып, зерттеу жүргізген бөтен елдің көптеген өкілдері қазақ халқының зейіндік ерекшелігінен туындайтын шешендік-шежірелік дәстүрі туралы аз айтпаған.

Егер, қазақ халқы айтатын «Тегін білмеген тексіз», «Жеті атасын білмеген жетесіз», «Түбін білмеген, түгін білмейді», «Жеті атасын білген ер, жеті жұрттың қамын жер» деген зерделі сөздердің байыбына үңілсек, шыққан тегі мен тараған атасын білмеген адамның қасиетсіз бейнесін көреміз. Бұл-бір жағынан. Екінші жағынан, сол зерделі сөз жолдары елдің бірлігін, оның ұлттық белгісін сақтауды білдіреді. Үшіншіден, ұрпақ қанының бұзылмауын қадағалау үшін айтылса, төртіншіден, қазақта ұран сияқты орны бар осы киелі сөздер, әрбір қазақтың зердесінде сақталып, күні бүгінге дейін ділдік ерекшелігіміздегі өзіндік үлесін жоғалтпай келеді.

Жеті атадан тарайтын үрдіс, туыстық аралық қатынасқа (жігіттің үш жұрты) жеткізіп, біртіндеп бүтіндей бір ұлттың (қазақтың) тұрмыс-салт нормаларына ұласты. Бұл қоғамдық өмірді реттейтін заң, кодекс деңгейіне көтерілген. Жазба заңның орнына «ауылда қарияң болса, сызып қойған хаттай болады» деген сарынмен бірден бірге «қара сөз» мұрасын қалдырып отыратын ақсақалдар болды. Бұлар, тарихшы С. Ж. Асфендияров айтып кеткендей, заң кітабының (кодекс

законов) орнына ұсталды. Демек, туыстық қарым-қатынастар сияқты табиғи тарихи білім нәтижелерінен қорытынды шығару үшін, жеті атаңды біліп, шежіре тарата алу – ең алдымен тарихты білу мақсатындағы қазақ дәстүрінде өмірлік қажетке айналып келген. Біздің өзіндік ділі бар ел болуымыздың түп қазығы да осында.

Сонымен, кеңес дәуіріне дейінгі қазақтар арасында далалық заң нормаларының бірі ретінде сақталып келген жеті атаны біліп, шежіре тарата алу деген мәселе, әр қазақты тарихшы жасады. Бірақ бұл мамандық, ру төңірегінен аспады. Ал жалпы қазақтың дәстүрлі тарихы «көне сөз», «қара сөз», «қария сөз», «ескі сөз» ретінде әр ұрпақтың алдынан кездескен қиыншылықтар кезінде еске түсіріліп, ежелгі тарихи тұлғалардың қиындықты шешу мұраларын үлгі тұту тұрғысынан айтылып келген ауызша тарих айта білудің жетістігі. Бұл сөздер аңыз, ертегілермен салыстыруға келмейтін киелі тарихи сөздер болғандықтан, оның астарында шындыққа жақын тарихи сырлар жатыр. Абайдың айтатын «қара сөзі» мен Мұқағалидың «қара өлеңі» қазақ халқының көне тарихының бай қоры бар екенін меңзейді.

Амал не, қазақтың кеңес дәуіріндегі тағдыры ауызша тарих айту сияқты киелі дәстүрге ұлтшылдық тұрғысынан қарап, оған тиым салған болатын. Нәтижесінде, кеңес дәуіріндегі бүтіндей екі бірдей ұрпақтың аз ғана бөлігі, тек жеті атасының аттарын ғана білді де, әкелерінен басқа бабаларының не істегенін, кім болғанын, тарихқа қандай үлес қосқанын білмей өсті. Бұның өзі ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлі тарихты қазақтың жадынан өшіруді мақсат еткен кеңестік биліктің жымысқы саясатының нәтижесі еді.

Дегенмен, дәстүрлі тарих айтуды жадында сақтаудан аластатылған ұрпақ, тарихтың адамзат қоғамының өткенін зерттейтін ғылым екенін кеңес дәуірінде білгенмен, кеңес өкіметінің уақытында, Қазақстан тарихы 70 жыл бойы шынайы ғылым ретінде оқытылмады. Осы кеңес дәуірінде, тарихшының да қандай мамандық иесі екенін ұғынғанымызбен, нағыз тарихшылар, дүркін – дүркін жазаланып отырған жағдайда, тарихымыздың зерттелуі деқиындап, оның білім ретіндегі рөлі төмендетілді.

Қазақстанның тәуелсіздік алуына байланысты еліміздің нақты тарихы қайта жазыла бастаса, ұлттың нағыз тарихшылары да бірден суырылып алға шығып, санадан өшуге айналған дәстүрлі тарихымызды да, кеңес дәуірінде қиянатқа ұшыраған бұлыңғыр тарихымызды да қайта жаңғыртуға бет алды.

Сонымен қоғамдағы рухани өмірдің нақты салаларының тарихын зерттейтін де ғылым салалары бар екендігі белгілі болса, соның бірі – тарихи зерделілік немесе тарихи білімдік ой-сана. Жинақтап айтар болсақ, тарихтың тарихилығы. Бұл жердегі басты мәселе, олардың қарастырылып отырған кезеңдегі қоғам өміріндегі алатын орны мен мазмұнындағы мәдени құндылықтар, идеал, көзқарас болуы керек. «Тарихи зерделілік» – әрбір адамның, ұрпақтың тарихты сезінуі, өзінің шыққан тегін, өлкесін, халқын, нәсілін, жалпы адамзаттың тегін, оның рухани түп-тамырларын, өткендегі тарихи жолын танып білуге ұмтылып, сана-сезімінің оянуы. Бұл – өскендіктің, рухани мәдениетінің жоғары сатыға көтерілу белгісі.

Қоғамдағы бүкіл ғылым, білім беру жүйесі, немесе оның белгілі бір саласы уақытша дағдарысқа ұшырағанда, одан шығудың жолын тарихи білімдік ой-сана, немесе тарихи зерделілік тұрғысынан қарастырған дұрыс. Білім философиясына сүйену деп жүргеніміздің өзі де осы болу керек. Бұл ғылым – жалпы дүние туралы,

ондағы адамның орны мен қызметін, осыған сәйкес оған қажетті білімнің мақсаты мен міндеттерін, құрылымы мен мазмұнын, оның ұйымдастыру ұстанымдарын зерттеумен айналысады [1-2]. Демек, тарихи зерделілік, немесе тарихи білімдік ой-сана қоғамдағы тарихи білім беру жүйесінің нақты жағдайын, қызметін зерттеп талдайды, орын алған дағдарыстың себептерін анықтап, одан шығудың жолын көрсетіп береді. Алайда Кеңес елінде «Білім философиясы» деген ұғымның өзі ғылым саласында көп жылға дейін қарастырылмады, бұл ұғым жекелеген авторлардың еңбектерінде кездескенмен, олар ұсынған идеяны дамытуға көңіл бөлінбеді, тіпті оған жол берілмеді [3]. Мәселен, тарихтың ғылым, білім ретіндегі өзіндік маңызы, онда кездесетін құндылықтар туралы еңбектерде [4-6] және тарихи ғылымның тұжырымдамасы, тарихи зерттеулер, олардың құрылымы, тарихи зерттеулердегі жүйелілік үрдісі туралы бірқатар зерттеушілер өздерінің тарих философиясы туралы еңбектерінде тоқталған [7-10]. Өкінішке орай, бұл еңбектер санадағы қоғамдық формациялар түсінігінен бас тартқан кезеңде жарияланғанына қарамастан, оларда көрсетілген құнды пікірлер жиынтығы өзінің иесін таппады.

XX-ғасырдың 1970-1980 жылдары Қазақ КСР тарихының оқулықтарына әл-Фараби, Ш.Уәлиханов, Ы. Алтынсарин, А. Құнанбаевтардың өмірі мен қызметтері туралы материалдар көптеп енгізілді. Бірақ, олардың философиялық, тарихи, этнопедагогикалық, этнопсихологиялық көзқарастарын, әсіресе тарихи білім туралы ой-пікірлерін өз зерттеулерімізде жеткілікті пайдаланбадық. Бұл – XX-ғасырдың 1980-жылдарына дейін санада үстемдік құрған коммунистік идеология мен Еуроцентризмнің әсері еді.

Жалпы біз, осы мақаланы жазудың теориялық әдісін таңдағанда, американдық кәсіби антропологиялық мектептің негізін қалаушы Франц Баостың тарихты түсінуге байланысты кейбір пікірлерімен келісетінімізді және тіпті, біздің жұмысымыздың тарихи талдауларына оның көзқарасының әсері болғанын жасырмаймыз. Ол американдық этнологиядағы «тарихи мектептің» өкілі Кребер Алфред Луистің тарихты түсінудегі пікірімен келіспейтіндігін ашық мәлімдеген. «Доктор Кребердің пікірі бойынша, – дейді Франц Баос, – тарихи үрдіс – бұл тура сол күйінде қарастырылатын құбылыстардың байланысы, ал ол құбылыстардан тартқылап және сығып алатын нәрсе емес. Мен, бұл жерде ешқандай мағына көрмей тұрғанымды мойындағым келеді. Бізде мәдениеттердің азды-көпті бара-бар болып есептелетін суреттеулері бар және олар-өте бағалы мәліметтер. Олар бізге мәдениетті өзінің іс-әрекетінде көрсететін өте жақсы көрнекі жадағат береді, оның астарынан мен мәдениетпен бақыланатын жеке адамның өмірін және жеке адамның өзінің де мәдениетке әсер етуін түсінемін. Бірақ бұл тарих емес. Тарихи талдаулар сипатталған материалды басқалай қолдануды талап ететін және бұл жерде археологияға, биологияға, лингвистикаға және этнографияға көңіл бөлген артығырақ» [11].

Міне, біздің көтеріп отырған мәселенің күрделілігі мен оның зерттелім аясының тарлығы, бізді, зерттеу әдісіндегі Франц Баостың тарихилық (тарихшылдық – Б.Б.Т.) ұстанымына сүйеніп, зерттелетін мәселенің алдындағы тарихи факторлардың зерттейтін мәселеге әсер-ықпалын білуге итермеледі. Бізге, алдымен осыны білмей, немесе біз айтып отырған ауызша тарих айту тарихнамасына сүйенбей, XX-ғасырдағы тарихи білімнің дамуына объективтік тұрғыдан баға беру мүмкін болмады. Зерттеу барысындағы Франц Баостың ұстанымына сүйену, бізді мынандай пікір айтуға жеткізді: Кез-келген зерттеу

жұмысын қолға алғанда, Франц Баос айтқандай, археологияға, биологияға, лингвистикаға және этнографияға жүгіну жеткіліксіз. Мәселеге олардан маңызы кем түспейтін саяси, әлеуметтік, ұлттық, діни, педагогикалық, психологиялық, әдет-ғұрыптық және көркем әдебиеттік факторлардың да әсер ететіндігі анық. Өйткені, бұлардың жұмысқа қатысты жиынтық деректері жұмыста зерттелетін басты идеяға бәрібір әсер етеді.

Сонымен, қалың жұртшылық тарихты жалпы түсінетіні белгілі. Иә, ол біздің тарихымыз деп, санасында ат үсті қабылдау орын алған. Сол сияқты елімізде қазақ әдебиетінің тарихилығы, философия тарихилығы деген ұғым екі ғасырдан бері жалпы айтылып, соңғы 20 жылда ғана ғылыми айналымға келді. Тәуелсіздік алғалы ұлттық педагогика, немесе этнопедагогика, этнопсихология ғылымдары өріс алып келе жатса, ол да педагогика мен психологияның ұлттық тарихилығын көрсетеді. Ендеше, басқа ғылымдарда көрініс бере бастағандай, тарихтың да білім ретіндегі ұлттық тарихилығы бар. Оның өзіне тән пайда болуы, қалыптасуы, дамуы тәрізді кезеңдері болған. Ол алғашқы пайда болуында қоғам дамуындағы өркениеттілікке дейінгі «тағылық», «жабайылық» деп аталатын дәуірлермен бірге қалыптасты.

Осы жоғарыда айтылғандарға орай, білімнің Қазақстандағы ғылымилық тарихының кейбір элементтері арабтардан басталады деп айтуға негіз бар. Ал бұған дейінгі көшпелілердің тарихи оқиғалар мен табиғи құбылыстарды сезінуі, түйсінуі білім арқылы емес білу, терең білу және біліктілік арқылы болған білімнің қалыптасуына дейінгі үрдіс (процесс). Қазір, білім мен ғылым қарыштап алға кеткен заманда, адам үшін табиғаттың құпиясының бәрі әлі ашылып болмағанымен санассак, білімге дейінгі табиғаттың қыр-сырын білу – түркілерге де оңай соқпады. Адам тарихы ең әуелі осы табиғатпен байланысты болса, ол табиғаттың сырын біртіндеп терең білу мен біліктілігін қалыптастыру арқылы ғана өз ортасын нығайтып, гүлдендіріп, бүкіл адамзат жасаған өркениеттілікке әркім өз үлесін, өзіндік ерекшелігімен әкелді. Табиғатты жеке халықтар өзінің білгенімен таниды. Сол арқылы алдымен, отбасының жақсылығын тілей жүріп, қоршаған ортада әбден бейімделгесін қоғамдық қатынастарға да өзінің білгенімен араласады. Ақыры әлемдік адамдар өркениетіне де сол өзіндік білуі арқылы ғана үн қоса алады.

Сонымен, кез келген халық өзінің тарихи білімін қалыптастырғанда, алдымен арғы түп ата-тегінің философиясына, дүниетанымына, діни сенімдер, әдет-ғұраптар мен салт-дәстүрлеріне жүгінеді. Бірақ түркі халықтарының, оның ішінде қазақ халқының дүниетанымы, философиясы, мәдениеті болмаған, тағылық сатыдан көтерілмей қалған деген пікірлер күні бүгінге дейін айтылып келді. Тарихты тек қана еуропа тарихына бейімдеу соңғы 300-400 жыл бойы Батыс елдерінің қоғамдық дамуда ілгері кетуінен туындаған. Яғни тарихты бұрмалап оқыту-капитализмнің дамуына байланысты. Осы капитализмнің отаршылдық мүддесі дүниежүзілік тарихты Батыстың тарихына еншілеп, оны оқытуды нәсілшілдік, ұлтшыл-шовинистік, немесе таптық тұрғымен байланыстыру үрдісін қалыптастырды. Бұл – тарихи білімнің батыстық үлгісі болатын. Оған бөтен елдің байлығын иеленуді ақтап, «тағылардың» бейшара күйіне көмектесуді мадақтау үлесі тиді. Тарихи білімнің батыстық үлгісі өзінің негізін осылайшы бұрмалау түрінде орнықтыра келе, «жоғары» және «төменгі» дәрежелі халықтардың бар екенін дәлелдейтін ойтұжырымдарды дүниеге әкелді. Оның тамырының тереңге кетуі соншалық, қазір де өзінің өміршеңдігінен танбай, бет алған жағынан қайтпай келеді.

Қорытып айтқанда, осы мақаламызды қазақтардың тұрмыстық тарихи-білімдік ой-санасы туралы әдіснамалық ұстанымда қазақтардың арғы ата-бабаларының қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық, рухани-мәдени өмірін жан-жақты зерттеді деп осы уақытқа дейін көзсіз мойындап келген кейбір Еуропа және Ресей зерттеушілердің пайымдауларын сыни көзқараспен қарауға тырыстық. Біздің пайымдауымызша, патша заманындағы зерттеушілердің негізгі денінің тарихи-білімдік ой-санасы таза ұлы орыстық шовинизм бағытында болса, Кеңес дәуіріндегі осы тектес зерттеушілердің тарихи-білімдік ой-санасы КСРО тарихын дамытудан асқан жоқ. Ал ол тарихта да орыс тарихына басыңқы мән берілгендіктен, Кеңес дәуірінде түркі мәдениетін дәріптеуге келгенде бәрібір сол ұлы орыстық шовинизм шеңберінен шыға алмадық. Оның негізгі құпиясын дәл байқаған этнограф-ғалым Тарақты Ақселеудің былай деп күйінгені бар еді: «Өкініштісі, әсіресе, социалистік жүйе үстемдік құрған заманда ондай ақиқат пен әділдікке барар жолдың бәріне берік тосқауылдар қойылды. Өйткені, түркілік төл жазба мәдениетті мойындау дегеніміз – түркі тілдес халықтардың, біріншіден, мыңдаған жылдық тарихы бар ұлы мәдениетін мойындау болса, екіншіден, сол түркі тілдес халықтардың этногонездік және мәдени-рухани біртұтастығын мойындау болып шығар еді. Ал бұл дегеніміз социалистік жүйенің терең болып келген, дәлірек айтқанда, социалистік жүйені өз мүддесіне ғана пайдаланған панславяндық гегемондықты әлсірететін тұжырымдама болатын» [12].

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Философия образования для XXI века. – М.: ИЦ ПУКПС, 1992. – 181 с.
- 2 Гершунский Б.С. Философия образования: научный статус и задачи // Советская педагогика.– 1991. – №4. – С. 18-24.
- 3 Гершунский Б.С., Шейерман Р. Общечеловеческие ценности в образовании // Педагогика. – 1992. – №5. – С. 3-13.
- 4 Кузин Н.П. Некоторые проблемы преподавания истории союзной республики в школе // Советская педагогика. – 1974. – № 9. – С. 50-55.
- 5 Кругляк М.И. Д. Ушинский о преподавании истории // Преподавание истории в школе. – 1974. – № 1. – С. 15-19.
- 6 Кулагин П.Г. Межпредметные связи в процессе обучения. – М.: Просвещение, 1981.– 163 с.
- 7 Диалектическая логика / Под общ. ред. Ж.М. Абдильдина. – Алма-Ата: Наука, 1987.– 543 с.
- 8 Кубесов А. Педагогическое наследие аль-Фараби. – Алматы: Мектеп, 1989.– 151 с.
- 9 Мұқанов М.С. Қазақ жерінің тарихы. – Алматы: Атамұра, 1994. – 80 б.
- 10 Ракитов А.И. Историческое познание: системно-гносологический подход. – М.: Политиздат, 1982. – 303 с.
- 11 Франц Баос. Антропологиядағы тарих пен ғылым: жауабы // XX-ғасыр мәдениетінің антропологиясы. – Алматы: Жазушы, 2005. – 282-283-бб.
- 12 Ақселеу Сейдімбек. Қазақтың ауызша тарихы: зеттеу. – Астана: Фолиант, 2008. – 32 б.

ИСТОКИ ИСТОРИИ КАЗАХОВ

Б.Т. Берлибаев

Алматинский университет энергетики и связи, г.Алматы

Автором данной статьи отмечена огромная роль ораторского искусства и устного народного творчества в истории казахов. По мнению автора, если погрузиться в историю происхождения казахских народных поговорок, дошедших до наших времен, то, начиная с эпохи саков и уйсуней, роль историков в обществе выполняли вожди, ораторы, мудрецы, судьи, предсказатели, жырау, поэты, күйши. Однако несмотря на то что некоторые элементы научного исторического знания в Казахстане были заимствованы от арабов, общее становление научных исторических знаний в Казахстане приходится на первые годы советской эпохи.

Несмотря на это, во времена советской эпохи отечественные историки были подвергнуты массовой репрессии. В связи с этим научно-исторические знания были проникнуты великим русским шовинизмом, как во времена царской эпохи.

SOURCES OF HISTORY OF KAZAKHS

B.T. Berlibayev

Almaty University of Power Engineering and Telecommunications, Almaty

The author of article notes that during the pre-Soviet period of history of the Kazakh people also, as well as etnonym "Kazakh", the concept "historian" isn't revealed. However, the author proves that if to plunge into history of an origin of the Kazakh national sayings which have reached our times, since an era of saks and uysuny the role of historians in society was executed by leaders, speakers, wise men, judges, predictors, jyrau, poets, kuiwy. Relying on this feature celebrated historic figures, the author comprehensively shines the oratorical and annalistic tradition which has appeared thanks to such qualities of the Kazakh people, as observation, attentiveness, intelligence. Besides, according to the author, some elements of scientific historical knowledge in Kazakhstan were borrowed from Arabs. However, the general formation of scientific historical knowledge in Kazakhstan falls on the first years of the Soviet era.

Despite it, while the time of the Soviet era domestic historians were subjected to mass repression. In this regard scientific and historical knowledge was got by great Russian chauvinism as at the time of an imperial era.

Б.Ж. Кабдушев

Алматы энергетика және байланыс университеті, Алматы қ.

ҚАЗАҚТАН ШЫҚҚАН БІРІНШІ ГУБЕРНИЯ ПРОКУРОРЫ

Мақала губерния прокуроры Ыдырыс Мұстамбаевтың құқық саласында атқарған мазмұнды еңбектерін саралауға арналады. Қазақстанның ірі губерниялары Орал кейін Ақмола прокуратураларын басқару барысындағы жинақтаған білім тәжірибесі оның қайраткерлік тұлғасын қалыптастырды, дамытты.

Түйін сөздер: прокурор, Қазақстан, Орал губерниясы, автономия, Голощекин, заң, репрессия.

Қазақ Орталық Атқару комитетінің 1922 жылғы 13 шілдесінде қабылдаған Қазақстан республикасы прокуратурасын құру туралы қаулысынан кейінгі тағайындалған алғашқы 7 губерниялық прокурорлардың ортасынан ойып орын алған жалғыз қазақ Ыдырыс Мұстамбаев бар еді. Прокурорлық қызметінде ол өзгелерден өзінің аса зеректігі, терең ойлы, өткірлігі әрі турашылдығымен ерекшеленіп тұратын. Қазақстанның ірі губерниялары Орал кейін Ақмола прокуратураларын басқару барысындағы жинақтаған білім тәжірибесі оның қайсар, турашыл мінездерін дамытты. Нақ осы қасиеттерімен есімі ел аузына ілігіп, онымен қатысты болған көптеген саяси оқиғалар аңыз ретінде жалпақ жұртқа тарады. Ол көзі тірісінде-ақ есімі барша қазаққа мәлім болған мемлекет басшыларының бірінен саналады.

Мұрағат құжаттарын ақтару барысында Ы.Мұстамбаевтың жасаған қызметіне немесе жеке өміріне де қатысты бірталай қызықты оқиғалардың куәсі болған едік. Мәселен Мұстамбаев ақгвардияшылардың аты-шулы бүлікшісі атаман Анненковты соттау ісінде қоғамдық айыптаушы ретінде қатынасқанын білдік. Соттағы оның сөйлеген қорытынды сөзі қазақ билерінің дәстүрлі шешендік өнерінің көркем үлгісі болып табылады. Мұстамбаевтың отбасымен байланысты болған бірқатар құжаттарды да кездестірдік. 1925 жылы Сырдария облыстық атқару комитетінің төрағасы болып тұрған кезде Ташкенттегі Орта Азиялық Мемлекеттік университетте (САГУ) білім алып жүрген Ы.Мұстамбаевтың әйелі қыз табады. Сол оқу орнының Қазақстандық белсенді комсомол жастары ұйытқы болған жиында жас нәрестеге Роза атты есім беріп, онымен қоймай бұл шешімді облыстық газетке жариялап жібереді. Оқиғаның соңы Қызылордада өткен Өлкелік партия комитетінің мәжілісінде қаралып, партиялық этика тұрғысынан баға берумен тынады. Ы.Мұстамбаев болса бұл іске ешбір қатысы болмағандығымен ақталып, құтылған. Тізе беруге болатын осындай оқиғалар түйіні Мұстамбаевтың жастардың ортасында ғана емес, жалпы халық арасындағы зор беделінің болғандығын, сол кездегі ірі мемлекет қайраткерлерімен қатар көсем ретінде танылғандығын сездіреді. Ы.Мұстамбаевтың қайраткер болып қалыптасуының қайнар көздері оның прокуратурадағы атқарған күрделі, ауыр еңбегінде жатыр. Осылайша шыңдалып өскен, алғыр, терең білімді азаматтың беделін кемітуге күш салғандар да табылды. Әсіресе Сталиннің серігі, саяси ойынның әккісі болып алған

Ф.И.Голощекин арыны мықты қазақ басшыларын "тыныштандырып", меселін қайтарудың амалын алдын ала ойластырды. Қыр соңына түскен Өлкеком хатшысының түртпегінен әбден ығыр болған Ы.Мұстамбаев 1926 жылғы желтоқсанда Мәскеуге Орталық Комитетке (Молотовқа) өтініш жазып, өзін Ташкентке немесе Ресейдің іргелес жатқан кез келген губернияларының біріне қызметке жіберуін өтінеді. Қазақстанда толыққанды жұмыс істеу мүмкіншілігінің жоқтығын мәлімдеді. Бұл Ы.Мұстамбаевтың өз елінде құрылған бұғаудан босана алмай кейінгі тартқан күрделі тағдыр тауқыметінің басы ғана еді...

Ыдырыс Мұстамбаевтың прокурорлық қызметке келгендегі қайраткерлігінің бастау көздерін оның табиғи дарыны және заманының аласапыран ағымы мен күрделі өмір жолының алғашқы қадамдары арқылы біле аламыз. Жалпыға жария болған мәліметтер мен Орталық мұрағатта сақталған жеке ісіндегі деректерге сүйенгендегі оның өмір жолын былайша тіздік.

Ыдырыс Мұстамбаев 1898 жылы қазіргі Жаңа Семейде (1917 жылдан бастап Алаш аталған) кедей отбасында дүниеге келіпті. Әкесі Мұстамбай сыбан руынан шыққан Семей уезіне қарасты Қандығытай болысының қазағы еді. Жасынан жетімдіктің азабын көп көрген Мұстамбай Жауғашұлы күнкөріс қамымен әркімнің қызметінде жүргенде, бірде елден мал айдаған саудагерлерге ілесіп Семейге барады да сол өңірдің ірі байы Тінібайдың қызметінде қалып қойса керек. Кішкене кезінде қорасаннан беті шұбарланып қалған Ыдырысты әкесі «Тайшұбарым» деп атапты. Ыдырысты Тінібай мешітіндегі медресеге оқуға береді. Аз жылда ол барлық шәкірттерден озық оқып, өте зеректігін байқатады. Енді ол медресе төңірегінде «Мұстамбайдың бәйге шұбары» атанады. Медресені 1911 жылы күзде тәмамдап, орыс мектебіне оқуға түседі де интернатқа орналасады. 1916 жылы осы орыс-қазақ училищесін үздік бағамен бітіреді. Кейінгі оқуын ол Семей гимназиясында жалғастырып, Мұхтар Әуезовпен бірге бұл оқу орнын да үздік бағамен аяқтайды. Бірде гимназияда сөз өнеріне бәйге жарияланғанда Ыдырыстың шығармасы бас жүлдені жеңіп алғаны оның жастайынан сөзге шешендігін байқатады.

Ы.Мұстамбаев төңкерістен кейін саяси қызметке Мұхтар Әуезов, Ахметбек Сейсенбаев, Ғарифолла Ысқақов және тағы басқа жастармен белсенді түрде араласады. Әуелде олардың өздеріне көсем тұтқан Ахмет Байтұрсынов, Әлихан Бөкейхановтарды Алаш ұлттық мемлекет құру жайындағы идеясын қабылдағаны аян. Алаш партиясының тізімінде Семейден Ыдырыс Мұстамбаевтың жүруі соның бір дәлелі. Кейін Семей өңіріндегі Колчак қарақшыларының жасаған озбырлығы мен айуандық әрекеттері олардың көзқарастарын, ұстанымдарын толық өзгертіп, қызылдар жағына шығуына түрткі болады. Бұл күрделі кезең жайлы жеке ісінде «Сібірде Кеңес өкіметінің құлатылуына байланысты қызметімнен большевик ретінде қуылдым» – деп жазыпты. Деректерден нақтылай келгенде ол большевиктер партиясына 1919 жылдың ақпанында өткен болып шығады. Содан кейін партия тарапынан жүктелген міндетін орындауға Зайсан уезінің атқару комитетінің қазақ бөлімінің меңгерушісі қызметіне жіберіледі. Осынау жылдары ол Семей губерниясын Батыс Сібірден бөліп алып, жария болған Қазақ Автономиялы республикасына қосуға осы аймақтың бас көтерер ұлтжанды азаматтарымен бірігіп бұқара арасында белсенді үгіт-насихат жұмыстарын жүргізеді. Нәтижесінде Сібір ревкомымен қол жеткізген келісім бойынша 1921 жылдың қаңтарынан Қазақстанның шығыс аймағын Қазақ Автономиялы Республикасына түпкілікті

толық қосу белгіленген-ді. Семей губерниясын тек сол жылдың мамырында Қазақ Орталық Атқару комитетінен төтенше өкіл болып келген Смағұл Сәдуақасовтың құрамы орыстар болатын губаткомды таратып қазақтармен қайта жасақтау арқылы толық бағындыру мүмкін болды. 1920-21 жылдардың қазан айларында өткен Бүкілқазақтық І Құрылтай жиынына және ІІ Бүкілқазақтық Кеңестер съезіне Ы.Мұстамбаев Семей өңірінен делегат болып қатысып, Орталық Атқару Комитетінің мүшесі сайланады. Сондай-ақ 1920 жылдың соңынан Семей губерниялық Атқару комитетінің мүшесі әрі губерниялық төңкеріс трибуналының мүшесі қызметін де атқарады. 1921 жылдың орта шенінде губерниялық азық-түлік комиссарының орынбасары болады. 1921 жылдың ортасында облыстық партия комитетінің ұйғаруымен (Өлкеком) Ы.Мұстамбаев Орал губерниясына қызметке жіберіледі. Жеке істерінде толтырылған сауалнамада ол өзінің қабілетіне сай атқарар міндетін «сот және әкімшілік қызмет» деп көрсетіп отырған екен [1]. Сонымен арада көп уақыт өтпей ол өз қалауымен жаңадан жандана бастаған прокуратураға қызметке тағайындалды. Әрі Оралда ол губатком әрі губревком мүшесі ретінде бірқатар жауапты қызметтерді атқара жүріп, өзінің жігерлі де айқын көзқарасымен танылып үлгереді.

Қазақстанда прокуратура органдары Қазаткомның 13 маусым 1922 жылы қабылдаған «Прокурорлық қадағалау Ережесі» негізінде Әділет халық комиссариаты құрамында өз қызметін бастаған еді. Қазақ Автономиялық Республикасы прокурорының ресми түрде қызметке кіріскен күнінен алсақ, республикамыздың бірінші прокуроры Шафхат Бекмұхамедов 1922 жылы 1 тамыздағы №1 бұйрығымен алғаш рет 3 губернияға прокурорларды бекітті: Орынбор губерниясы бойынша Е.Башилов, Семей губерниясы бойынша Нечаев, Ақмола губерниясы бойынша Ковалев тағайындалды. Ал сол жылдың 14 қыркүйегіндегі республика прокурорының №10 бұйрығымен Семей губерниясының прокуроры болып А.И. Зубов, Орал губерниясының прокурорлығына Ы. Мұстамбаев бекітілді [2]. Сонымен Ыдырыс Мұстамбаев прокуратура құрылымында губерния прокуроры болған алғашқы қазақ. Тек кейін ғана Қазақстан прокуратурасы Досығұл Темірәлиев, Қанай Боранбаев, Жетпісов секілді қазақтан шыққан губерния прокурорларымен толыға түсті.

Ыдырыс Мұстамбаев губерния прокуроры болып қызметке кіріскеннен өзінің № 4 бұйрығында губерния шеңберінде прокуратураның қызметін атқаратындығын жариялай отырып, былай дейді: «Барлық мемлекеттік, жеке меншік ұйымдар, жеке тұлғалар түрлі іс-әрекет, қылмыстар, заң бұзушылық оқиғалары бойынша өз арыздарын маған жолдауын өтінемін. Барлық тексеру, тергеу, сот органдары және МСБ (ГПУ) бөлімі Қылмыстық іс жүргізу кодексіне негізделген істерге қатысты мәселелерді заңды түрде дәлме-дәл орындап, прокурорлық қадағалау органдарымен тығыз байланыста қызмет жасайтын болады. Барлық сот органдары тергеу ісі аяқталған, алайда Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 223-бабы негізінде сот қаулысымен айыптау қорытындысы бекітілмеген істерді маған жіберуді ұсынамын» [3]. Осылайша губерния шеңберінде прокурорлық қадағалау органының заңды түрде өз қызметіне кіріскендігін мәлімдеген.

Прокурор өзінің бұйрығымен губерния прокурорының және көмекшілердің міндеттерін былайша бөледі: «губерниядағы билік органдары мен мекемелері қызметінің зандылығы мәселелерін қадағалауды өзіме қалдырдым» дей отырып, губатқару және қалалық атқару комитеттері, оның бөлімдерінің жиналысына

қатысу, қабылданған қаулы, қарар, нұсқаулардың заңдылығын тексеріп, наразылық келтіру, іс жүргізуді бақылау, губерниялық трибуналдар, ерекше сессияларға түсетін істерді қарау, көмекші прокурорлардың қызметін қадағалау губерния прокурорының міндеті екендігіне түсініктеме берген. Және де міндеттері ажыратылған төмендегідей көмекші прокурорларды бекітіпті: трибунал (кейін Жоғарғы сот деп аталған) істері бойынша прокурор; халық соттарының қызметін қадағалаушы прокурор; прокуратураның қызметін үйлестіруші прокурор анықталды. Губерния прокуроры көмекшілерінің атқарар құзырына қарағаннан-ақ губерниялық прокуратура алдында қолға алуға қажетті қыруар шаруаларды қоя білді.

Ы.Мұстамбаев губерния прокуроры міндетіне кіріскеннен соң бірінші кезектегі Жымпиты, Елек, Калмыков, Гурьев уездерінің прокурорларын бекітіп, штат құрамын, міндеттерін белгіледі. Жұмсалатын қаржы көлемін анықтады. Екі ай мерзім ішінде Оралда губерниялық қадағалау ісі ұйымдастырылды. Губерниядағы прокуратура құрылымын жүйелеп алған соң прокурорлық қадағалауға талапты да күшейтті. Әр уездің прокурорларына мына мына мазмұндағы хатты жолдады: «Прокуратураның аса маңызды мәселелерінің бірі барлық мекемелердің қызметін қадағалау болып табылады. Прокуратура барлық мекемелердің заң бұзушылық әрекеттеріне тосқауыл қоюға ұмтылуы тиіс, бұл іс жүзеге аспаса прокуратура жауап беруі керек. Біздің шаруашылық органдарының қызметінде жіберілген көптеген кемшіліктерді ескере отырып, сіздерге прокурорлық қадағалауды қырағылықпен жүзеге асыруды ұсынамын. Қазіргі жағдайда қажет деп санасаңыздар губерниялық саяси басқармасы мен қылмыстық, іздестіру бөлімдері аппараттарын пайдалануға болады. Қандай да болмасын зиянкестер мен кемшіліктерге батыл түрде тосқауыл қойыңыздар. Мұстамбаев» [4].

Орал губерниясының прокуратурасы қылмысқа қарсы күресті ұйымдасқан түрде қолға алды. 1922 жылдың қараша айында барлық уездік прокурорларға паракорлыққа қарсы күрес науқанын қадағалап, заңсыз әрекеттерге жол бермеу, нәтижелерімен қалың бұқараны газет арқылы таныстырып отыру жайында нұсқау берді. Сол жылдың желтоқсан айында губерниялық қаржы мекемелерінің бюджеттік қаржыны заңсыз ысырапқа ұшыратуына байланысты прокуратураның тексеріс жүргізу және салық органдарының қызметін қадағалауды жедел қолға алу жөнінде барлық уезд прокурорларына тапсырмалар берілді. Осылайша қысқа мерзімде губерниядағы прокуратура органын аяғынан тік тұрғызып қадағалаудың қызметін ұйымдастыру губерния үшін маңызы зор болды. Ыдырыс Мұстамбаевтың да губерния шеңберіндегі тұлға ретінде танылуына айырықша септігін тигізді. Ы.Мұстамбаевты айыптау науқаны ұйымдастырылған кезде де Оралда бірге қызметтес болғандар оның дәреже-деңгейін мойындауға мәжбүр болған. Айталық, Орал губкомының мүшесі Забиров Ф.И.Голощекинге «уклондар» туралы жазған хатында Оралдағы қазақ коммунистері екіге бөлінді: «правые националист уклоном и левые с интернационалистическим оттенком. I группа Каратилеуов, Мустамбаев, Джантилеуов, Утеулиев, II группа Айтиев, Касабулатов, Абдрахманов, Ипмагамбетов...

Я считал и считаю, что эти товарищи (Мустамбаев, Каратилеуов, Джантилеуов, Утеулиев, и др.) как коммунисты ни в коем случае не хуже других, а наоборот по своей прямоте, искренности они лучше» — деп ашық жазды [5].

Оралда Ы.Мұстамбаев қазақтың патша заманында оқыған жоғары білімді

заңгер, Ресейлік Думаның депутаты болған Бақытжан Қаратаевпен жақын араласады. Оның аяғы туыстыққа да ұласады. Олай дейтініміз, Ыдырыс Мұстамбаев көрнекті заңгердің інісі Арон Қаратаевтың қызы Шахзада атты хас сұлуға үйленген еді. Кейінгі өмірдің бар қызық қуанышын екеуі бірге бөлісті. Азабын да тартты. Қуғын-сүргін жылдарда бірнеше мәрте жазаға кесілген күйеуімен қатар халық жауы ретінде бірге атылып кеткен қазақ әйелдерінен сол ғана болатын.

1923 жылдың 20 қыркүйегінде Ы.Мұстамбаев Қазақ АССР-інің ірі губерниясының бірі Ақмолаға прокурорлық қызметке ауыстырылады.

Ақмола губерниясы экономикалық жағынан да халқының көптігінен де (1,300 мың оның 60% қазақтар) Қазақстанда бірінші орында тұратын. Төңкерістер мен соғыстардың зардабынан елдің шарушылығы толық күйзеліске ұшыраған-ды. Прокуратураның есебіндегі келтірілген мәліметтер губерниядағы экономикалық күйреудің дәрежесін аңғартады. Мәселен: 1914 жылы шикізат түрінде 1 млн дана әр түрлі тері дайындалса, 1924-25 жж. шаруашылық науқанында 212. 350 дана тері мемлекетке өткізу көзделді. I Дүниежүзілік соғысқа дейін Ақмоладан 15 млн. пұт астық сыртқа шығарылса 1924-25 жж. 2.980 мың пұт астық сыртқа шығару жоспарланып, оның өзін губерниялық мекемелердің орындай алуы екі талай екендігі ескертіледі. Губерниядағы қазақтардың жайлы мүлдем қайыршыланып ресми деректер бойынша аштық азабын тартқан қазақтар саны 20- 25 мың адамға жеткен.

